

**Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы мен «Байуаков ТВК-6» ЖШС арасындағы ынтымақтастық туралы
М Е М О Р А Н Д У М**

Жарғы негізінде әрекет ететін директор Сағадиев Ұлан Болатұлы тұлғасындағы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бір тараптан және «Байуаков ТВК-6» ЖШС-ның директоры Байуаков Омарбек Қазанғапұлы, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталып, тараптардың өзара мүдделігін негізге ала отырып, мәдени мұраны зерделеу және танымал ету мақсатында ынтымақтастық туралы осы Меморандумға (бұдан әрі – «Меморандум») қол қойды:

1 бап

Меморандумның мақсатын іске асыру үшін бір-бірімен мынадай бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

1.1.ҚР қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Тараптардың бірлескен жобаларына қатысу;

1.2.Бірлескен жобалар, бағдарламалар, жарияланымдар, трансляциялар және медиа-контенттің өзге де түрлері арқылы музей коллекцияларын, көрмелер мен білім беру бағдарламаларын танымал ету үшін шығармашылық және ақпараттық ынтымақтастық орнату.

Ынтымақтастық қамтитын негізгі контент түрлері:

- музей көрмелері, шаралары мен жобалары (репортаждар, шолулар, анонстар) туралы ақпаратты дайындау және орналастыру;

- медиа өнімдерді (телебағдарламалар, подкасттар, бейнероликтер, фотожобалар, арнайы жобалар) бірлесіп әзірлеу және өндіру;

- түсірілім/ақпараттық алаңдарды ұсыну және музей қызметкерлерімен сұхбаттар ұйымдастыру;

-бірлескен танымдық жобалар (дәрістер, шеберлік дәрістері, бағдарламалар циклі);

-PR-науқандар мен іс-шараларға қатысу;

- сараптамалық материалдар мен көрнекі ресурстармен алмасу.

1.3.Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамасында тыйым салынбаған ынтымақтастықтың басқа түрлерін пайдалану.

2 бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісімі бойынша, оның ажырамас бөлігі болатын қосымша келісімдерге қол қою арқылы, өзгерістер мен

толықтырулар енгізілуі мүмкін және олар тиісті түрде рәсімделуі және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қоюы керек.

Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. Музей міндеттемелері:

- тараптар келіскен тәртіппен және шарттарда экспозицияларға, объектілерге және мұрағаттық материалдарға қол жеткізуді қамтамасыз ету;

- түсірілім мен сұхбаттарды ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз ету (уақытты келісу, музей қызметкерлерінің сүйемелдеуі);

- қажет болған жағдайда сарапшылардың ақпараттық материалдарын, фотосуреттерін және түсініктемелерін ұсыну;

- келісілген мерзімдер шеңберінде алдағы көрмелер мен іс-шаралар туралы БАҚ-қа хабарлау.

- түсірілім мен сұхбаттарды ұйымдастырушылық қолдауды қамтамасыз ету (уақытты келісу, музей қызметкерлерінің қатысуымен);

- қажет болған жағдайда сарапшылардың ақпараттық материалдарын, фотосуреттерін және түсініктемелерін ұсыну;

- келісілген мерзім шеңберінде алдағы көрмелер мен іс-шаралар туралы БАҚ-қа хабарлау.

2.2. БАҚ міндеттемелері:

- музейдің материалдары мен шараларын келісілген форматтар шеңберінде жедел және сенімді түрде жариялау;

- жеке шарттарда көзделген жағдайларда музей материалдарын (фотосуреттер, экспонаттар, дауыстық түсініктемелер) пайдалануды келісу;

- материалдарды жариялау/шығару кезінде, егер өзгеше келісілмесе, музей туралы ақпарат (дереккөзді, логотиптерді және т. б.) көрсету;

- музей туралы материалдарды дайындау кезінде журналистік және кәсіби стандарттарды сақтау.

3 бап

Тараптар ынтымақтастықтың нақты мәдени бағдарламалары мен жобаларын іс жүзінде іске асыру, жекелеген екіжақты келісімдер негізінде жүзеге асырылады деп келісті.

Тараптар қолданыстағы заңнаманы, авторлық құқық нормаларын және бейнелеу құқығын сақтауға міндеттенеді.

4 бап

Осы Меморандумды орындауға немесе өзгертуге қатысты туындауы мүмкін барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі, егер келісімге қол жеткізілмесе, олар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес қаралуға жатады.

5 бап

Осы Меморандумға өзгерістер Тараптардың келісімі бойынша жазбаша түрде енгізіледі.

6 бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл ішінде қолданылады. Осы Меморандум, егер Тараптардың ешқайсысы Меморандумның қолданысын тоқтатқаны үшін, аяқталғанға дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын айтпаса, меморандум келесі 5 (бес) жылға автоматты түрде ұзартылады.

7 бап

Келісім екі тарап үшін бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) данада жасалды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей қорығы» республикалық мемлекеттік казыналық кәсіпорны Директор Сағадиев Ұлан Болатұлы  Күні: « » 20__ ж. Мекен-жайы: Абай облысы; Семей қ., Қ. Мұхамедханов көшесі, 29 үй БСН 980440001649 Тел.: 8-7222-32-17-01 e-mail: abai-museum@mail.ru	«БАЙУАКОВ ТВК-6» ЖШС Директор Байуаков Омарбек Казанғапұлы  Күні: « » 20__ ж. Мекен-жайы: Абай облысы, Семей қ., Шугаева көшесі, 30 үй БСН 910440000063 Тел. 8 705 565 11 61 e-mail: tvk-6@bk.ru
--	---